

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Ғылыми Кеңесінің №23 мәжілісінің
ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қ.

29.04.2026ж, сағат: 15.00

Қатысқандар: Ғылыми Кеңес мүшелері қатысу парағына сәйкес.

КҮН ТӘРТІБІ

1 сұрақ. БББ Реестріне жаңа, жаңартуға берілетін білім беру бағдарламаларын және 2026-2027 оқу жылына арналған университеттің элективті пәндер каталогын бекіту туралы (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Досжанов Баянәлі Амантайұлы).

2 сұрақ. «Қорқыттану» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

3 сұрақ. Әртүрлі

3.1. сұрақ. Монография, оқу құралдарын баспаға ұсыну (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

3.2. сұрақ. Білім алушылардың ғылыми жетекшілерін қайта тағайындау және бекітілген тақырыптарға өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева).

3.3. сұрақ. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына кандидатура ұсыну (Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнура Абильтаевна Бурибаева)..

Төраға: Қайырлы күн құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Бүгін Ғылыми кеңестің 23 мәжілісінің жұмысын бастауға мүшелердің 39 құрам санының 28 қатысып отыр. Қалғандары дәлелді себеппен қатыса алмай отыр. Ғылыми кеңес жұмысын жүргізуге кворум бар. Сіздерден қандай ұсыныс болар екен?

Б.А.Досжанов: Ашылсын.

А.О.Оразбақов: Ашылсын.

Төраға: Сіздердің тараптарыңыздан «Ашылсын» деген ұсыныс түсті. Ғылыми Кеңес мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібін бекітуге дауыс берулеріңізді сұраймын.

Қолдаушылар – 28 адам,

Дауыс беру нәтижесі: иә-28, қарсы, қалыс жоқ.

1.Күн тәртібі бекітілсін.

1 сұрақ. БББ Реестріне жаңа, жаңартуға берілетін білім беру бағдарламаларын және 2026-2027 оқу жылына арналған университеттің элективті пәндер каталогын бекіту туралы (Академиялық мәселелер департамент директоры Баянәлі Амантайұлы Досжанов).

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжанов баяндама жасады.

Төраға: Осы жұмысты назарға алып, үйлестіру аса маңызды.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 28 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-28, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Білім беру бағдарламаларын тіркеу, жаңарту және тізілімнен шығару мақсатында «Жоғары білім берудің бірыңғай жүйесі» платформасы бойынша БББ-ның Тізіліміне (Реестріне) өтініш беру жұмыстарын ұйымдастыру және қадағалау БББ-н үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасының басшысы А.Ж. Бұхарбаеваға жүктелсін.

2. Бакалавриат бойынша 2026-2030 оқу жылдарына, магистратура бойынша 2026-2028 оқу жылдарына, докторантура бойынша 2026-2029 оқу жылдарына арналған жоғары оқу орны компоненті мен элективті пәндер каталогы жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша қосылған жаңа пәндермен толықтырылып, бекітілсін.

3. 2026-2027 оқу жылына трансформацияланатын, жаңадан ашылатын БББ-ның пәндері бойынша дәріс жүргізетін профессор-оқытушыларды анықтау, олардың біліктілігін арттыру және жаңа оқу жылына дайындығын қамтамасыз ету жұмыстарын 04.05.2026-31.08.2026 жж. аралығында жүзеге асыру академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжановқа, БББ-н үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасының басшысы А.Ж.Бұхарбаеваға, біліктілікті арттыру орталығының жетекшісі Н.Б.Абтикалыковқа, институт директорларына, БББ-ның жетекшілеріне тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер бойынша проректор Д.М. Абдрашеваға жүктелсін.

2 сұрақ. «Қорқыттану» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстарының есебі (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Бурибаева Майнура Абильтаевна).

ТЫҢДАЛДЫ:

М.А. Бурибаева «Қорқыттану» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

Ғылым комитеті - гранттық қаржыландыру аясында орталықтың қызметкерлерінің қатысуымен 3 жоба бойынша жұмыстар жасалды:

- «Шетелдердегі (Ресей, Қытай, Монғолия) қазақ топонимикалық аңыздары: типологиясы, генетикасы және поэтикалық ерекшелігі» ғылыми жобасы. Мерзімі 2023-2025жж. Жетекшісі: Тұяқбаев Ғ.Ә.
- «М.Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты: тарихтан тағылым, идеялық сабақтастық» ғылыми жобасы. Мерзімі 2023-2025жж. Жетекшісі: Тайман С.Т.
- «Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «Китаб Муқаддима Абу Ләйс әс-Самарқанди» қолжазбасындағы теолингвистикалық дискурс (XV ғасыр)». Мерзімі 2025-2027жж. Жетекшісі: Исаханова Қ.М.

ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР:

- Кәрібозұлы Б. Ұстаз ұлағаты. Монография. – Қызылорда: ASU, 2025
- Құлбарақ С.О., Жолмаханова А.Б., Башенова Ә.М. Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары мен мотивтер// ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – 2025. – №3 (152) – Б. 206-219. <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/1095/661>
- Башенова Ә.М., Тұяқбаев Ғ.Ә. Білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін фольклор және цифрлық технологиялар арқылы дамыту // Қазақстанның педагогикалық хабаршысы. – 2026 /рецензияда/
- Kudaibergenova K., Botabayeva Zh., Oralova G., Zhanbershiyeva U. Linguistic features of the formation of imagery in the poetry of storytellers // Скопус базасына енетін журналға берілді. – 2026 /рецензияда/

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды. Қолдаушылар – 28 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-28, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. М.А. Бурибаеваның жасаған «Қорқыттану» ғылыми орталығының 2025 жылда атқарған жұмыстары туралы есебі назарға алынсын.

3.1.сұрақ. Монография, оқулық және оқу құралдарын баспаға ұсыну (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Бурибаева Майнура Абильтаевна).

ТЫҢДАЛДЫ:

М.А.Бурибаева:

1. Қорқыттану ғылыми орталығының жетекшісі, профессор, академик, ф.ғ.д. Бағдат Кәрібозұлының «Ізденіс іздері» монографиясы баспаға ұсынылады.

2. Экономика және басқару БББ аға оқытушысы, э.ғ.к. Ерняязова Жанат Нурахметовнаның «Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық саласының дамуы: теориясы, әдіснамасы және аймақтық тәжірибесі» монографиясы баспаға ұсынылады.

3. Аграрлық технологиялар БББ доценті, т.ғ.к. Темиров Болат Темирович, Экономика және басқару БББ аға оқытушысы, э.ғ.к. Темирова Акмарал Болатовна, Су шаруашылығы және жерге орналастыру БББ қауымдастырылған профессоры, а-ш.ғ.к. Кенжалиева Бахыткул Туребайқызы, Аграрлық технологиялар БББ жетекшісі, т.ғ.к. Ысқақ Ермағанбет Нұғманұлының бірлескен авторлығымен «Эксплуатация картовых оросительных и сбросных

каналов рисовых систем Кызылординской области» монографиясы баспаға ұсынылады.

4. Қаржы, есеп және аудит БББ аға оқытушысы э.ғ.к. Наурызбаев Асылбек Жұмабайұлы мен Қаржы, есеп және аудит БББ қауымдастырылған профессоры м.а., э.ғ.к. Уразбаев Нұрлан Жеткергенұлының бірлескен «Туризм саласындағы экономикалық механизмінің проблемалары мен жетілдіру жолдары» монографиясы баспаға ұсынылады.

5. Экономика және басқару БББ аға оқытушысы, э.ғ.к. Муханова Айгуль Ерденбековнаның «Жобаларды басқару» оқу құралы баспаға ұсынылады.

6. «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» БББ аға оқытушы, PhD Олжабаева Ақсәуле Оңдасынқызы, ТИИМСХ Мелиорация және суармалы егіншілік кафедрасы меңгерушісі профессор Бегматов Илхом Абдураимович, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Экология және ауылшаруашылығы ғылымдары кафедрасының оқытушы-дәріскері, т.ғ.к. Бәкірова Әйгерім Шақимұратқызының бірлескен «Су шаруашылығы мен мелиорацияға кіріспе» оқу құралы баспаға ұсынылады.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды. Қолдаушылар – 28 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-28, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Монография, оқулық және оқу құралдарын бекітуге ұсыну туралы баяндама назарға алынсын.

2. Қорқыттану ғылыми орталығының жетекшісі, профессор, академик, ф.ғ.д. Бағдат Кәрібозұлының «Ізденіс іздері» монографиясы баспаға ұсынылсын.

3. Экономика және басқару БББ аға оқытушысы, э.ғ.к. Ерняязова Жанат Нурахметовнаның «Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық саласының дамуы: теориясы, әдіснамасы және аймақтық тәжірибесі» монографиясы баспаға ұсынылсын.

4. Аграрлық технологиялар БББ доценті, т.ғ.к. Темиров Болат Темирович, Экономика және басқару БББ аға оқытушысы, э.ғ.к. Темирова Акмарал Болатовна, Су шаруашылығы және жерге орналастыру БББ қауымдастырылған профессоры, а-ш.ғ.к. Кенжалиева Бахыткул Туребайқызы, Аграрлық технологиялар БББ жеткшісі, т.ғ.к. Ысқақ Ермағанбет Нұғманұлының бірлескен авторлығымен «Эксплуатация картовых оросительных и сбросных каналов рисовых систем Кызылординской области» монографиясы баспаға ұсынылсын.

5. Қаржы, есеп және аудит БББ аға оқытушысы, э.ғ.к. Наурызбаев Асылбек Жұмабайұлы мен Қаржы, есеп және аудит БББ қауымдастырылған профессоры м.а., э.ғ.к. Уразбаев Нұрлан Жеткергенұлының бірлескен «Туризм саласындағы экономикалық механизмінің проблемалары мен жетілдіру жолдары» монографиясы баспаға ұсынылсын.

6. Экономика және басқару БББ аға оқытушысы, э.ғ.к. Муханова Айгуль Ерденбековнаның «Жобаларды басқару» оқу құралы баспаға ұсынылсын.

7. «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» БББ аға оқытушы, PhD Олжабаева Ақсәуле Оңдасынқызы, ТИИМСХ Мелиорация және суармалы

егіншілік кафедрасы меңгерушісі профессор Бегматов Илхом Абдураимович, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Экология және ауылшаруашылығы ғылымдары кафедрасының оқытушы-дәріскері, т.ғ.к. Бәкірова Әйгерім Шақимұратқызының бірлескен «Су шаруашылығы мен мелиорацияға кіріспе» оқу құралы баспаға ұсынылсын.

3.2. сұрақ. Білім алушылардың ғылыми жетекшілерін қайта тағайындау және бекітілген тақырыптарға өзгерістер енгізу туралы (Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Бурибаева Майнура Абильтаевна).

ТЫҢДАЛДЫ:

М.А.Бурибаева Докторанттар мен магистранттардың диссертация тақырыптарына өзгерістер енгізу және ғылыми жетекшілерін қайта тағайындау мәселелері бойынша баяндама жасады.

Докторанттың диссертация тақырыбына өзгерістер енгізіп, қайта бекітуге ұсынылады			
Аты – жөні	БББ оқу тобы	Бекітілген тақырыбы	Қайта бекітуге ұсынылатын тақырыбы
Калманова Гульжан Кайрбековна	8D08675 (6D081000 – Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау (2017-2020)	Изменение эколого-мелиоративного состояния орошаемых земель в низовьях Сырдарьи под влиянием орошения Суару әсерінен Сырдарияның төменгі ағысындағы суармалы жерлердің экологиялық-мелиоративтік жағдайының өзгеруі. Changes in the ecological and meliorative state of irrigated lands in the lower reaches of the Syr Darya under the influence of irrigation	Разработка интеллектуальной системы управления озоновой обработкой и оценка ее эффективности при орошении сельскохозяйственных культур Озонды өңдеуді басқарудың интеллектуалды жүйесін әзірлеу және оның ауылшаруашылық дақылдарын суасудағы тиімділігін бағалау Development of an intelligent ozone treatment control system and evaluation of its effectiveness in irrigation of agricultural crops
Сейлова Шара Аппазовна	8D01515-Химия	Химия- педагогикалық білім беруде	«Химиялық байланыс және құрылым» курсы

	(2021-2024)	бейорганикалық химияны оқытуды модернизациялаудың теориясы мен әдістемсі	модельдік-репрезентациялық оқыту әдістемесі (Методика модельно-репрезентационного обучения курсов «Химическая связь и строение» в химико-педагогическом образовании Methodology of model-representative training of courses «Chemical communication and structure» in chemical pedagogical education)
Алибеков Наурызбай Беккожаевич	8D07365 (6D072900) Құрылыс (2015-2018)	Күріш қауызы негізіндегі арболиттік қабырғалық конструкцияларды пайдалану төзімділігі	Ғимараттар мен құрылымдардың арматураланған негізінің сенімділігін бағалау (Оценка надежности армированного основания зданий и сооружений Assessment of the reliability of reinforced foundations of buildings and structures)
Докторанттың екінші отандық кеңесшісі мен шетелдік ғылыми кеңесшісі қайта тағайындауға ұсынылады			
Аты – жөні	Тағайындауға ұсынылатын екінші отандық ғылыми кеңесші	Тағайындалған шетелдік ғылыми кеңесші	Қайта тағайындауға ұсынылатын шетелдік ғылыми кеңесші
Алибеков Наурызбай Беккожаевич 8D07365 (6D072900) Құрылыс (2015-2018)	Бисембаев Ерик Турашевич – «Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» профессоры, техника ғылымдарының докторы	Свиридов Василий Лаврентьевич – «И.И. Ползунов атындағы Алтай мемлекеттік техникалық университетінің» профессоры, техника ғылымдарының докторы (қайтыс болуына байланысты)	Бегалиев Улугбек Турдалиевич – «Халықаралық инновациялық технологиялар университетінің» профессоры, техника ғылымдарының докторы. Қырғыз Республикасы
Докторанттың шетелдік ғылыми кеңесшісі қайта тағайындауға ұсынылады			

Аты – жөні	БББ	Тағайындалған шетелдік ғылыми кеңесшісі	Қайта тағайындауға ұсынылатын шетелдік ғылыми кеңесшісі
Қосмұратова Айгуль Жанабергеновна	8D04139- Мемлекеттік және жергілікті басқару ГМУ-23-3д (з)	Ким Чонг-Сап «Сеул Ұлттық университетінің» профессоры, PhD <i>(Зейнеткерлікке шығуына байланысты)</i>	Hwang, Hwa-Seok Хван Хва-Сок – «Кёнбук Ұлттық университетінің» профессоры

Докторанттың диссертация тақырыбына өзгерістер енгізіп, қайта бекітуге ұсынылады

Аты – жөні	БББ	Бекітілген диссертация тақырыбы	Қайта бекітуге ұсынылатын диссертация тақырыбы
Көпен Меруерт Бекболатқызы	8D08675 – Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау	Қазақстандық Арал өңірі жағдайында көкөніс дақылдарын суару технологияларын жетілдіру	Қазақстандық Арал өңірінде тегінді суларды тазарту және малазықтық дақылдарды суаруға пайдалану технологияларын жетілдіру Совершенствование технологий очистки сточных вод и использования для орошения кормовых культур в Казахстанском Приаралье Improvement of wastewater treatment technologies and use for irrigation of forage crops in Kazakhstan's Aral Sea region

Басқа жоғары оқу орнынан ауысып келген магистранттың диссертация тақырыбы мен ғылыми жетекшісі қайта бекітуге ұсынылады

Аты – жөні	БББ оқу тобы	Тағайындалған ғылыми жетекші	Қайта тағайындауға
------------	--------------	------------------------------	--------------------

				ұсынылатын ғылыми жетекші
Боранбай Азамат Бахытжанұлы	7M07158 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар 2-курс	–	Күрделі жағдайларда сорапты эжекторлы қондырғыларды пайдалануды жетілдіру	Танжариков Панабек Абсатович – Инжинирингтік технологиялар БББ-ның доценті, техника ғылымдарының кандидаты

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды. Қолдаушылар – 28 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-28, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1) Докторанттардың докторлық диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп, қайта бекітуге және отандық ғылыми кеңесшісін қайта тағайындауға ұсынылсын:

1. Г.К. Калманованың – 8D08675 (6D081000-Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау БББ бойынша Разработка интеллектуальной системы управления озоновой обработкой и оценка ее эффективности при орошении сельскохозяйственных культур тақырыбы қайта бекітіліп, «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» БББ-ның қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Ш.М.Умбетова отандық ғылыми кеңесшісі болып қайта тағайындалсын.

2. Ш.А. Сейлованың – 8D01515-Химия БББ бойынша «Химиялық байланыс және құрылым» курсы модельдік-репрезентациялық оқыту әдістемесі» тақырыбы қайта бекітіліп, «Биология, география және химия» БББ-ның қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты А.С. Тапалова отандық ғылыми кеңесшісі болып қайта тағайындалсын.

2) Докторанттың докторлық диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіп, қайта бекітуге және екінші отандық кеңесшісі мен шетелдік ғылыми кеңесшісі қайта тағайындауға ұсынылсын:

1. Н.Б. Алибековтың – 8D07365 (6D072900) –Құрылыс БББ бойынша «Фимараттар мен құрылымдардың арматураланған негізінің сенімділігін бағалау» тақырыбы қайта бекітіліп, «Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» профессоры, техника ғылымдарының докторы Е.Т.Бисембаев екінші отандық ғылыми кеңесші, «Халықаралық инновациялық технологиялар университетінің» профессоры, техника ғылымдарының докторы У.Т.Бегалиев шетелдік ғылыми кеңесшісі болып қайта тағайындалсын.

3) Докторанттың шетелдік ғылыми кеңесшісі қайта тағайындауға ұсынылсын:

1. А.Ж. Қосмұратованың – 8D04139-Мемлекеттік және жергілікті басқару БББ бойынша Хван Хва-Сок – «Кёнбук Ұлттық университетінің» профессоры Hwang, Hwa-Seok шетелдік ғылыми кеңесшісі болып қайта тағайындалсын.

4) Докторанттың диссертация тақырыбына өзгерістер енгізіп, қайта бекітуге ұсынылсын:

1. М.Б. Көпеннің – 8D08675 – Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау БББ бойынша «Қазақстандық Арал өңірінде төгінді суларды тазарту және малазықтық дақылдарды суаруға пайдалану технологияларын жетілдіру» тақырыбы қайта бекітілсін.

5) Басқа жоғары оқу орнынан ауысып келген магистранттың диссертация тақырыбы мен ғылыми жетекшісі қайта бекітуге ұсынылсын:

1. А.Б. Боранбайдың 7M07158 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар БББ бойынша «Күрделі жағдайларда сорапты – эжекторлы – қондырғыларды пайдалануды жетілдіру» тақырыбы қайта бекітіліп, Инжинирингтік технологиялар БББ-ның доценті, техника ғылымдарының кандидаты П.А. Танжариков ғылыми жетекшісі болып тағайындалсын.

6) Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

3.3. сұрақ. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына кандидатура ұсыну (Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Бурибаева Майнура Абильтаевна).

ТЫҢДАЛДЫ:

М.А.Бурибаева: ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім министрлігіне «60100 – Тарих және археология» ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына Тарих және археология БББ аға оқытушысы, PhD Жолдасұлы Талғаттың құжаты ұсынылады. Аталған үміткердің құжаттары талапқа сай. Назарларыңызға рақмет!

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды. Қолдаушылар – 28 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә-28, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім министрлігіне «60100 – Тарих және археология» ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына Тарих және археология БББ аға оқытушысы, PhD Жолдасұлы Талғаттың құжаты ұсынылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

Төраға: Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды. Барлық баяндамашыларға рақмет!

Осы Ғылыми Кеңес мәжілісінің хаттамасы негізінде қаулылардың уақытылы орындалуын бақылау Аппарат басшысы Гульзат Қыстаубаевна Бердалиеваға жүктеледі.

Мәжіліс жабық. Сау болыңыздар!

Ғылыми кеңес Төрағасы

Ғалым хатшы

Н.С.Байқадамов

Л.А. Жусупова